

"Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрайымының 2002 жылғы 18 ақпандағы N 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1793. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 395 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.08.04 № 395 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010261_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 V980489_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықта:

Нұсқаулықтың бүкіл мәтіні бойынша "шығыстар сметасы", "шығыстар сметасын", "шығыстар сметасының" деген сөздер "қаржыландыру жоспары" деген сөздермен ауыстырылсын және "сметалар", "сметаларды", "сметаларға", "сметалармен" деген сөздер (1, 2, 10-тармақтарды, бесінші абзацты, 131, 202-тармақтарды қоспағанда) ауыстырылатын сөздердің септеулері мен жекеше және көпше түрлеріне тиісінше "қаржыландыру жоспары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "сметаларда" деген сөз ", республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсететін, "Баск-М" жүйесінің жұмыс істеу кезеңінде шығыстарды қаржыландырудың егжей-тегжейлі жоспарларында көзделген "Баск-М" жүйесінде пайдаланылатын Бюджеттік сыныптама анықтамалықтарының

шифрлары (бұдан әрі - Бюджеттік сыныптама анықтамалықтарының шифрлары) бойынша жүргізілетін "Баск-М" мемлекеттік ақпарат жүйесінде (бұдан әрі - Баск-М жүйесі) жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, қаржыландырудың егжей-тегжейлі жоспарларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

114, 124, 194-тармақтардың үшінші абзацындағы "Шығыстардың сметаларын" деген сөздердің алдынан "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін және "Баск-М" жүйесінің жұмыс істеу кезеңінде осы есеп Бюджеттік сыныптама анықтамалығының шифрлары бойынша жүргізілетін "Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелерді қоспағанда,";

115-тармақтың оныншы абзацындағы және 132-1-тармақтың төртінші абзацындағы "бюджеттік сыныптаманың кодтарымен" деген сөздерден кейін "(Бюджеттік сыныптама анықтамалығының шифрларымен)" деген сөздермен толықтырылсын;

147-тармақтағы "сметалық тағайындау" деген сөздер "жоспарлы тағайындаулар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрайым

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.